



# Вестник науки

## Акмолинского аграрного университета им. С. Сейфуллина

Том III

3

Астана  
2002

# ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТИ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТАРЫ

*P.К.Әміртаева, ізденушісі  
(4 қазақ гимназия-мектебі)*

Қоғамымыздары қайта құрулар еліміз халықтарының тағдырында тарихи бетбұрыстар жасап, қоғам дамуының барысын түбегейлі өзгертті, саяси экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірде жаңа кезеңдерді бастап берді. Жаңа қоғамдық қатынастарды дамыту, жеке адамның жан-жақты қалыптасуындағы педагогикалық білім беруді, жетілдіруді де алға тартып отырғаны сондыктан.

Әйткені, XXI ғасыр азаматтары жаңаша ойлау машығы бар, қоғам алдындағы жауапкершілікті жете сезінетін, құқықтарын терең білетін, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан тамырынан қол үзбекен, жаңа қоғамның ілгері басуына үлесін қоса алатын болуы шарт. Бұғынгі күні ақиқат шындығын алға тартып, өткеннің үлгі жақтарын бұғынгі педагогикалық ілімге жаратуымыз, жеткіншек ұрпақтың қоғамымыздары бар салада жітік араласуына қозғаушы болуымыз керек деп ойлаймын.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағлымы, ой-пікірі, қорытынды түйінділері баршылық. Сол мәдени мұраның асылдарын келер ұрпаққа мұра ете отырып, одан әрі жалғастыру аға буынның, қоғамдық, азаматтық борышы.

Әлемдегі халықтардың өздеріне тән әлеуметтік және мәдени мұрасы, халық педагогикасына сүйенген.

Халық педагогикасы - ұрпақтан ұрпаққа берілетін, іскерлік пен дағдылардың, дәстүр мен салт, әдет - ғұрыптар идеяларының жиынтығы, тарихи тәжірибе жемісі. Олай болса дәстүрлі педагогикалық мәдениет немесе халықтық педагогика - бұл халықтың ауыз әдебиетіне, салтына, дәстүріне, талғам түсінігіне негізделген, ғасырлар бойы жасалып, қалыптасып барып ұмытылмай жеткен тәлімдік мұралар мен тарихи тәрбиелік үлкен мектеп. Халқымыз тәрбие негізін ауыз әдебиеті дидактикасын бала жаңына сіңіруден бастаған.

Халық педагогикасында тәрбиенің басты сегіз ұстанымы насхатталған:

1. Тәрбие басы әдептілік деп түсініп, соны мақсат тұтып, «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған.
2. Ауру-сырқауларға, кем-кетік адамдарға қол ұшын бер деп, қайырымдылық жасауға шақырған. Ал қайырымдылық гуманизмнің басты шарты.
3. Баланы жасынан еңбекке баулыған, тіл алғыш, елгезек, еңбек сүйгіш бол дегенді басты мақсатқа қойған.
4. Адалдық пен шыншылдыққа баулу көзделінген.
5. Білмегенді білуғе тырыс, көпті көрген қарияны тында, көпшіл бол дегенді дәріптер келген.

6. Үлкенді, ата аナンы сыйлауды басты міндеп етіп қойған.
7. Кіңі айыбын бетке баспа, кемтар адамға құлме, инабатты, сыпайы бол дегенді үағыздаған.
8. Ел қорғаны бол, халқына адапты қызмет ет деген патриоттық сезімді насиҳаттаған.

Осы аталынған сегіз ұстаным насиҳатын бастауыш сыныптарының оқу тәрбие жұмысында жүзеге асыру үшін мүмкіндігі мол. Өз тәжірибеме тоқталсам:

1. Әдептілікке байланысты өткізілген “Әдеп басы-әдемілік” атты сынып сағатындағы мақсатым: дұрыс амандасу, тәртіпті жүргізу, ұқыпты киіну, т.б. адамгершілік, эстетикалық негізде тәрбиелеу.
2. Қайырымдылыққа байланысты жыл сайын жүргізілетін сынып және мектепішілік “Қайырымдылық” операциясына міндettі түрде қатысамыз. Ардагерлермен де тығыз байланыстамыз, кездесулер үйымдастырып, концерт қоямыз. Мақсатым: қайырымдылыққа тәрбиелеу.
3. Еңбекке байланысты “Ұлтымыздың мәдени өнері” атты сынып сағатындағы көздегенім: қол өнердегі өру, тігу, мұсіндеу, құрастыру, бейнелеу. Оқушы шығармашылығына көрме үйымдастырылды.
4. Адалдық пен шыншылдыққа баулу мақсатында қоғамдағы саяси жағдайлар және сынып ішіндегі ситуациялық жағдайларға байланысты “Сен қалай ойлайсын?” атты пікірталас жиі үйымдастырылады. Баспасөз құралдары “Ұлан”, “Ақ желкен” газет журналдарда тақырыпқа байланысты шығарма, әнгімелеріміз жарыққа шықты.
5. Не? Қайда? Қашан? (білім сайысы) “Алтын сақа” (сыныптан тыс сайыс мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ т.б.) “Ата-бабалар аманаты” әдеби-музыкалық монтажды өткізуға мақсатым: ұлттық намысты ояту, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру.
6. Аналар күніне байланысты “Ізгі ниетпен” атты сағаты өткізілді, оқушылардың аналарына арналған жүрек жарды өлең шумақтары жазылған суретті буклеттер үйымдастырылды.
7. Ата аналармен бірлескен “Сөз мәйегі” атты сайыста мақал-мәтел, нақыл сөздердің мазмұнын қалай түсінетіндігін ортаға салды. “Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ” сағатындағы мақсатым Абай қара сөздерінің тәрбиелік мазмұнын бала зердесіне ұғындыру болды.
8. “Астана - III мыңжылдық қаласы”, “Сарыарқа - туған елім”, “Біліміміз шырқаған ән жырымыз,

“Тәуелсіздік бақытына сыйлығымыз” атты тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына арналған қалалық республикалық байқауларда ат салыстық. Осындай шығармашылық тәрбие нәтижесінде Алматы қаласында өткен III Халықаралық “Бозторғай” балалар шығармашылығы фестивалінің конкурсына қатысып, дипломат иегері атандық.

Міне, осындай ұлттық тәрбие ережесін зерделей отырып, жүзеге асырудағы мақсатымыз-ұрпағымыздың қазақи тәрбиелеуде оның негіздерін жүйелі қарастыру, тарихи салаларын зерттеуде ауыз әдебиен-

тінің тағлымдағы үлгілерін отбасы, балабақшадан, бастауыш сыйыптан бастап ұлттық сана сезімді ояту, сезіндіру.

Қазіргі оқу-тәрбие жүйесінде халықтық педагогиканы бүгінгі ресми білім беру жүйесімен қатарластыра жүргізуге мүмкіндік туды. Алайда, жасыратыны жок, Қазақстан ауқымында орыс мәдениетінің үлес салмағы басым. Дегенмен, заман ағымының өзі ұлттық тілімізді, мәдениетімізді мемлекеттік мәртебе дәрежесіне көтеруді талап етуде.

Адам тәрбиесі-үнемі қозғалыспен жүріп отыратын мәңгілік процесс, бала құнінде қандай тәрбие алса, соны өмір сұру дидактикасында іске асырады. Ұрпағымыз жарасымды этиканы қабылдайтын болсын десек, әрине, ұлттық дәстүрге арқа сүйенеміз.

Адам тәрбиесіне ауыл-аймақ, отбасы, ұжым, қоғам болып жұмылған.

Тәрбие жүйесінің бір өзегі-мектеп ұжымы. Мектеп әлеуметтік педагогикалық жүйе бола тұра, бірнеше құрамдас бөлшектерден, кіші жүйелерден тұрады: басқару, дидактикалық және тәрбие жұмысы. Әрбір тәрбие жүйесі дербес болып саналғанымен бір біріне ықпалы зор. Ал мектептің біртұтас жүйесі тұрғысынан алып қарасақ, сабак ерекше роль атқарады. Осы жағдайда, оқу процесі тәрбие процесінің бөлшегі, бір саласы ретінде жалпы мақсаттардан бастау алып, ортақ талаптарға жүгінетіні сөзсіз.

Сондықтан сабак берудің мақсаты-білім мен біліктілікті қалыптастыру емес, таным әрекетін іске асыра отырып, жеке дара тұлғаны жанжақты тәрбиелеу. Оқыту процесі барысында тәрбие жүйесіне сәйкес “қатынас педагогикасы” қалыптасады, оқушы ролі өзгереді. Ол кезде оқушы “объект” емес, өзін-өзі дамытатын “субъектке” айналады, Нақты тәрбиелік қатынастар, әрекеттер арқылы сабактың компоненттері (мазмұны) байып, әдістемесі өзгереді. Сонымен қатар сабак процесіндегі жағдайлар оқушылардың сабактан тыс өмірінде де жалғасын тауып жатады. Оқыту процесі, оның негізгі түрі -сабак- тәрбие жүйесінің шешуші компоненттерінің бірі болып есептеледі. Міне, үнемі айтылатын біртұтас оқу-тәрбие процесі дегеніміз осы. Ал тұтас педагогикалық процес: оқу мен тәрбиенің егіз екендігінде. Тұтас педагогикалық процестің халық педагогикасының ұстанымдарымен ұштастыра жүргізу бүгінгі басты мақсат.

Мектеп қабырғасынан бастап ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, тәрбиені де сол бағытқа негіздел, туысқандық қарым-қатынастардың әлеуметтік қызметімен тығыз байланысты екендігін назардан тыс қалдырмау. Яғни, халық педагогикасы қазіргі кезеңде мектептің кіре берісінен басталуы керек. Оның жүзеге асырылуы мектептің тәрбие жүйесін қалыптастыру жоспарында өзіндік ұлттық даму сатысынан құрылуы қажет деп ойлаймын.

І даму кезеңінде - ұлттық тәрбиедегі мақсат пен міндетті іске асыра алатын ұстаздар шығармашылық тобы құрылуы қажет

- II даму кезеңінде - осы ортақ ісөөрекетті жүзеге асыруда ұстаз бен оқушы ұжымының бірігуі.
- III даму кезеңінде - біртұтас ұжымының қалыптасуы шарт: ұстаздар, оқушы, ата-аналар
- IV даму кезеңінде - ұстаз басшылығымен ата-аналардың тәрбие жүйесінде басшылықты, яғни, өзін-өзі басқару негізін іске асыру
- V даму кезеңінде - ата-аналар ұжымының (дербес ұжымы) жеке отбасы тәрбиесіне тигізетін ықпалы, ролі басшылыққа алынса.

Ұлттымыздың халықтық педагогикасы мұрат-мақсаты өте жоғары, мазмұны бай, тәрбиелік әсері мен мүмкіндігі күшті рухани мұра. Қазіргі жағдайда мектепте тәрбие жұмыстарын іске асыруда “Атамекен” бағдарламасындағы бағыттар мазмұны өте зор. Бұл бағдарламаның көзделінуі ұлттық мектептерде тәрбие жұмысының маңызын жетілдіру, отбасы ұжымын ынтымақтастыру, қоғамымыздығы (тәрбиеге қатысты) салалармен бірігіп, одан әрі дамыту.

Тәрбиенің ең негізгі сатысы-отбасы, яғни, адамзат баласының тәлім тәрбие алатын бастауы. Салтесананы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы т.б мақсатты іске асыруға бейімделу жүргізілген, барлық ұлы жиындар Зхалық педагогикасы<sup>4</sup>, отбасы болғаны.

Осыған дәлел биылғы оқу жылында қалалық семинар кезеңінде “Отбасы-алтын дінгек” атты ата-аналардың ұйымдасуымен өткізілген тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: біртұтас ұжымының қалыптасуы басшылыққа алынған (ұстаз, оқушы, ата ана, мектеп).

Әздерінің өмір сүріп өткен замандарында халқымыздың көрнекті зиялышарының бірі ағартушы

Ы. Алтынсарин: “Мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы, олар қазақ даласының кез-келген жеріне ретсіз орналаса салатын болса, ешбір пайда келтіре алмайды. Барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде” деп жазды.

М. Жұмабаев: “Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданылып келе жатқан соқпақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиісті” деген.

А. Байтұрсынұлы: “Бала оқытуын жақсы білейік деген адам ең алдымен балаға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көніл сарайын танитын адам болуы керек. Оны білу баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақыл ой-өрісі қалай кіретін жолын біле отырып, ісіне тұсіне қарап ішкі халынен хабар аралық болуы керек” деген тенденсі жоқ сөз қалдырған.

Осы ағаларымыздың сөз тәркіні қазіргі заман талабында ата-бабадан қалған халқымыздың асыл мұрасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүйелі жоспарлап, ұлттық педагогиканың озық элементтерін пайдалануда, баланы өз тілінде сөйлеуге, ізгілікке, инабаттылыққа, кішіпейілділікке баулу, өмірдегі жақсы жаман әрекеттерді ажырата білуге нұсқау беріп тұрғандығы іспеттес.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан 2030” бағдарламасында: ”Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін құнделікті есте сақтауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасыө мызға жеткен кезде қандай құйде көргіміз келеді ? Олар әл - ауқатты өмір сүре ме, дендері сау әрі білімді - білікті бола ма?

Олар жақсы әрі азат қоғамда өмір сүре ме?

Олар өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алансыз бола алар ма, көшелерімен емін еркін жүріп, өз дүние мұлкі үшін қауіптенбес болар ма? Біз оларға қуатты мемлекет пен өзіміздің жақын және алыс көршілерімізben достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыра аламыз ба?”

Біз осынау қарапайым, бірақ маңызды сұраптарға бүгіннің өзінде жауап беруге тиіспіз делінген.

Елбасымыздың 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасындағы мақсат мұддесі, ата-баба арман тілегімен үндесіп, ұлттымыздың өткен замандардан жинақталған озық ұлгілерін осы құнгі отбасында, қоғамда пайдаланылса деген ықылас тілекке ұласады.

Әр ата-ана осыны түсініп, баласын оқытып, дұрыс тәрбие беруге ерекше көніл бөлер, кейінгі ұрпағымыз елдігімізді сақтар, жерімізді қорғар, желбіреген туымызды асқақтата биікке көтерер, ісімізді жалғастырар деген ізгі ниетпен бала тәрбиесімен дұрыс айналысуға шақырады.

### Резюме

В своем выступлении учитель подчеркивает, что народная педагогика - неотъемлемая часть целостного педагогического процесса. Опираясь на педагогический процесс, учитель обосновал своим опытом и еще раз подчеркнул важность народной педагогики в воспитательном процессе. Взяв за основы принципы народной педагогики, заостряет внимание на то, что именно народная педагогика имеет первостепенное значение в воспитании личности, что фундамент воспитания начинается с семьи и продолжается в школе, т.е. система воспитания школы должна опираться и развиваться на почве развития национальной школы.

### Summary

In the performance (statement) the teacher emphasizes, that national pedagogics - integral part of complete pedagogical process. Leaning(basing), on peda-

gogical process, the teacher has proved by the experience and more of time has emphasized importance of national pedagogics in education process. Having taken for the bases principles of national pedagogics, are pointed by(with) attention what the national pedagogics has paramount meanings (importance) in education of the person, that the base of education begins with family and proceeds at school, i.e. the system of education of school should lean(base) and develop on ground of development of national school.